

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 мамырдағы N 806 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 наурыздағы N 370 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.10.06. N 965 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Медициналық көмекке жұмсалған шығындарды өтеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 мамырдағы N 806 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 24, 285-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Медициналық көмекке жұмсалған шығындарды өтеудің ережесінде:

кіріспесі мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Шығындарды өтеу:

мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде шығыстар сметасы бойынша; мемлекеттік мекемелерден басқа, медициналық ұйымдарда орындалған медициналық қызметтер көрсетудің көлемі үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен шарттық негізде жүзеге асырылады.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсететін жеке және заңды тұлғаларға күрделіні қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген медициналық ұйымдардың қызметіне байланысты шығындардың барлық түрлері өтеледі.

Мемлекеттік медициналық ұйымдардың күрделі шығындары Қазақстан Республикасы бюджетінің шығыстары экономикалық жіктемесінің тиісті ерекшелігі бойынша күрделі трансферттер түрінде өтеледі.";

1 - т а р м а қ т а :

екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші абзацтар а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Ауылдағы денсаулық сақтаудың ерекшелігін, қызмет көрсету учаскесінің географиялық алшақтығын, ауылдық елді мекендегі халық тығыздығының төмендігін ескере отырып, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ауылдық және қалалық денсаулық сақтау ұйымдары үшін жан басына шаққандағы нормативті жеке белгілеуге

қ ұ қ ы л ы . " ;

3-тармақтағы үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы абзацтар алынып тасталсын;

7-тармақтағы төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші абзацтар алынып тасталсын;

8-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Ауруханаішілік ауыстырылған науқастарды емдеуге жұмсалған шығындарды өтеу бір рет емделу жағдайы ретінде жүзеге асырылады.

Оларды тексеру процесінде негізгі диагнозы расталмаған немесе мамандандырылған медициналық ұйымға ауыстыруды талап ететін басқа аурулары анықталған науқастарды емдеу аяқталмай жұмсалған шығындарды өтеу денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Стационарды алмастыратын медициналық көмектің түрлерін көрсету кезінде шығындарды өтеу науқастарды дәрімен тегін қамтамасыз ету ескеріле отырып, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның әдістемесіне сәйкес емделу жағдайы үшін жүзеге асырылады.

Стационарлық көмектің шекті көлемін олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыратын жергілікті мемлекеттік денсаулық сақтауды басқару органдарының ұсынысы бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы